**«6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Тлешалиев Нурлан Даулеткуловичтің «Қамаққа алу жаза түрі ретінде: қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

# СЫН-ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Ғылыми жұмыс «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Мемлекет Басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес келеді.<br>Жолдауда, қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңнаманың тұрақтылығын қамтамасыз ету маңызды болып отыр. Оған жиі өзгерістер енгізу құқық қолдану ісіне әсерін тигізеді және бірыңғай тергеу және сот тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік бермейді. |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | «Қамаққа алу жаза түрі ретінде: қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығына сәйкес орындалған. |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Диссертациялық ғылыми жұмыс Қазақстан Республикасының ғылымына елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы тереңдетіліп ашылған |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | Диссертанттың ғылыми жұмысты жазу стилистикасы басқа авторларға қараған өзгеше, дербесс болып келеді. Жазу деңгейі жоғары, мазмұндағы сұрақтар толымыен ашыл,ан. Ғылыми жұмыс Қазақстанда алғаш рет жазылып отыр. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) негізделген;<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертациялық жұмыстың өзектілігі заманауи талаптарға сәйкес негізделген және жұмыстың өзектілігі болашақта қылмыстық құқық және қылмыстық-атқару құқық салаларына септігін тигізетініне ғылыми жұмыстың бнрң болып табылады. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>1) айқындайды;<br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | Ғылыми жұмыстың мазмұны диссертацияның тақырыбын айқындайды, мысалы бірінші тарау Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы қамаққа алу жазасының ұғымы, екінші тарауда Қазақстан Республикасының қылмыстық – атқару заңнамасында қамаққа алу жазасын орындау, үшінші тарауда Қамаққа алу түріндегі жазаның құқықтық реттеудің халықаралық стандарттары және шет елдердің заңнамаларындағы қамаққа алу түріндегі жазаның ұғымы, орындау тәртібі қарастырылған. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) сәйкес келеді;<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | Ғылыми жұмыстың мақсаты мен міндеттері сәйкес келеді. **Зерттеудің мақсаты** қамаққа алу түріндегі жазаны қолдануды тәртібін және шарттарын реттейтін заңнаманы кешенді қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқарушылық талдаудың негізінде қамаққа алу түріндегі институтты жетілдіру бойынша құқықтық актілерге енгізілуі қажет өзгерістер мен толықтыруларды негіздеуден және ұсынудан тұрады.<br>Осы мақсатқа қол жеткізу үшін автор мына **міндеттерді** алдына қойды:<br>- қамаққа алу жазасының тарихын салыстырмалы-құқықтық талдау;<br>- қамаққа алу түріндегі жазаның мәнін, мазмұнын және нысанын қарастыру; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | - қамаққа алу түріндегі жазаны тағайындаудың тәртібін зерделеу және мәселелерін анықтау;<br>- қамаққа алу түріндегі жазаны орындау мен өтеуге қатысты қылмыстық-атқару заңнамасының ережелерін талдау;<br>- қамаққа алуға сотталған адамдарға түзету ықпалын және олардың түзелуінің құралдарын зерттеу;<br>- қамаққа алу түріндегі жазаны қолдану жөнінде қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару заңнамаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;<br>- сотталған тұлғаның құқықтық жағдайын реттеу бойынша халықаралық стандарттарды отандық заңнамалармен талдау;<br>- бірқатар шет елдердің заманауи қылмыстық заңнамасындағы қамаққа алу түріндегі жазаны зерттеу;<br>- шет елдердің заманауи қылмыстық атқару заңнамасындағы қамаққа алу түріндегі жазаны орындау тәртібін зерделеу болып табылады. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>1) толық байланысқан;<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық толық байланысқан. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) сыни талдау бар;<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | Диссертант ұсынған Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып | Диссертант ұсынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертант ұсынған диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Толығымен жаңа. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан дәлелдемелерге негізделген. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) иә;<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) иә;<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар; | Диссертантпен қорғауға шығарылған тұжырымдар жұмыста толықтай дәлелденген.<br>1. Қағдат. Қамаққа алудың қысқа мерзімдері мен қатаң оқшаулауымен, және де бас бостандығынан айырумен салыстырғанда жазаның шығыны аз түрімен байланысты жазаның түрі секілді оның тиімділігін ескере отырып, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасаған үшін де жазаның негізгі түрі ретінде қамаққа алуды қосу арқылы жазаның осы түрін қолдануды кеңейту керек. Осылайша, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 40-бабының 2-бөлігі бас бостандығынан шектеуден кейін «қамаққа алумен толықтырылсын.<br>7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді.<br>7.2. 2) тривиалды емес.<br>7.3. 1) Қағидат жаңа |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) ия;<br>2) жоқ | 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең<br>7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген.<br>2. Қағидат. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 45-бабына «Қамаққа алу» мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:<br>- Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 45-бабының 2 бөлігі «Қамаққа алу он тәуліктен елу тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді» деген сөздер «Қамаққа алу бір айдан алты айға дейінгі мерзімге белгіленеді» деген сөзбен ауыстырылсын;<br>- Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 45-бабының 4 бөлігі «Әскери қызметшілер қамақта болуды гауптвахтада өтейді» деген сөздер «мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілері» деген сөзбен ауыстырылсын;<br>7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді.<br>7.2. 2) тривиалды емес.<br>7.3. 1) Қағидат жаңа<br>7.4. 3) Қолдану деңгейі кең<br>7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген.<br>3. Қағидат. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімнің баптарының санкцияларында қамаққа алуды бас бостандығынан айыруға және жазалардың басқа түрлеріне балама ретінде көзделсін.<br>Мысалы, қамаққа алуды жазаның балама түрі ретінде профилактикалық сілкіп алу сияқты аталатын қысқа уақытта сотталған адамға осы жаза барынша тиімді және пәрменді болатын сондай қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін енгізуді көздеу. Оны тиімділігі аз, ұзақ және мемлекет үшін шығынды, үлкен әлеуметтік жағымсыз салдары бар бас бостандығынан айыруды емес, қамаққа алу секілді жаза түрін қолдану кезінде ғана жүзеге асыруға болады. Осылайша, қамаққа алуды Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің жекелеген |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | баптарының санкцияларына жазаның басқа түрлеріне қосымша қосу көңілге қонымды және мақсатқа сай болар еді және құқық қолдану үдерісінің тиімділігін айтарлықтай арттырар еді.<br>7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді.<br>7.2. 2) тривиалды емес.<br>7.3. 1) Қағидат жаңа<br>7.4. 3) Қолдану деңгейі кең<br>7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген.<br>4. Қағидат. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 79-бабының 2-бөлігінен қылмыстық теріс қылықтар жасаған адамдарды соттаған үшін сотталғандықтың болмауын көздейтін тармақты алып тасталсын. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 79-бабының 2-бөлігі мына редакцияда жазылсын: «Жазадан босатылған адам соттылығы жоқ деп танылады». Себебі бұл ереже тағайындалған қылмыстық жазаның белгілерінің бірі және құқықтық салдары болып табылатын сотталғандық деген уақыт бойынша тұрақтаған тұжырымдаманы бұзады. Бұдан басқа қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотталған адамды сотталғандығы жоқ деп танитын осы ереже қылмыстық-құқықтық саясатттың жүргізіп жатқан ізгілігінің белгісі болып табылып қоймай, қылмыстық құқықтың превентивтік қызметін бұлдыр қылуға ықпал етеді.<br>7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді.<br>7.2. 2) тривиалды емес.<br>7.3. 1) Қағидат жаңа<br>7.4. 3) Қолдану деңгейі кең<br>7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген.<br>5. Қағидат. Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің 83-бабының 2 бөлігі мына редакцияда жазылсын «мерзімді әскери қызметшілері қамаққа алу түріндегі жазасын гауптвахтада өтейді». |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді.<br>7.2. 2) тривиалды емес.<br>7.3. 1) Қағидат жаңа<br>7.4. 3) Қолдану деңгейі кең<br>7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген.<br>6. Қағидат. Қолданыстағы заңнаманы (қылмыстық және қылмыстық процестік) толық көрсету мақсатында қамаққа алу түріндегі жазаны орындау негіздерінің қатарына (2014 жылғы ҚР ҚАК 84-бабы) сот үкімінен басқа, айыппұл, түзеу жұмыстары және қоғамдық жұмыстар сияқты жаза түрлері қамаққа алуға ауыстырылған жағдайда, заңды күшіне енген сот қаулыларын да қосу ұсынылды.<br>7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді.<br>7.2. 2) тривиалды емес.<br>7.3. 1) Қағидат жаңа<br>7.4. 3) Қолдану деңгейі кең<br>7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген. |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертант ұсынған диссертациялық жұмыстың ғылыми әдістер диссертацияның мазмұнына сәйкес келеді және негізделіп жазылған. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған, ол нәтижелер заманауи технологияны пайдалану арқылы терілген және ғылыми жұмыста анық көрініс табады. |
| | | 8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық | Ғылыми жұмыстағы теориялық қорытындылар отандық және шетелдік ғалымдардың, мемлкеттік органдардың есептеріне, сот үкімдеріне қамтыла отырып жазылған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) ия;<br>2) жоқ | |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған | Ғылыми жұмысты жазу барысында маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Ғылыми жұмыста отандық және шетелдік ғалымдардың соңғы жылдардағы ғылыми жұмыстарына сілтемелер жасалынған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті болып табылады. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертант ұсынған диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Болашақта қылмыстық құқық және қылмыстық атқару заңнамаларына өзгерістер ұсынылуы мүмкін. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертация аясындағы ғылыми нәтижелер мен практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Бұрын ғылымда тұжырымдалмаған, ұсыныстар дисертанттың ұснуымен алғашқы ғылыми жұмыс болып табылады. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары болып табылады. |

**Диссертацияның мазмұны мен рәсемделуі бойынша кемшіліктер мен ұсыныстар:**

Н.Д. Тлешалиевтың диссертациясы жоғары мазмұнды жазылған, ғылыми деңгейде орындалған. Сонымен қатар жеке, елеусіз ескертулер айтуға болады.

1. Дисертациялық жұмыста қамаққа алу жазасы бойынша статистикалық мәліметтер аз, шетелдердің сот үкімдерін көрсеткен жағдайда ғылыми жұмыстың маңызы жоғары боларе еді деп есептеймін, бірақта көрсетілген ескеру жұмыстың қорғалуына ешқандай да кері әсер етпейді.

Тлешалиев Нурлан Даулеткуловичке «6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді толығымен қолдаймын.

Ресми рецензент:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы заң ғылымдарының кандидаты

Байсалов А.Д.

« 05 » 06 2023 жыл

ҚОЛТАҢБАСЫН РАСТАЙМЫН
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ